

**Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Шемонаиха қаласы және
Октябрьское ауылындағы Уба өзенінің, шағын өзендер мен бұлақтардың су қорғау
аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылық пайдаланудың
режимін белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 09 ақпандағы N 31 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Эділет департаментінде 2015 жылғы 23 ақпанда N 3697 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха қаласындағы Уба өзенінің, шағын өзендер мен бұлақтардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу" жобасына сәйкес және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес жағдайда ұстаяу мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқысталуын және сарқылуын болғызыбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар әлемін сақтау үшін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.12.2016 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Шемонаиха қаласы және Октябрьское ауылындағы Уба өзенінің, шағын өзендер мен бұлақтардың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Шемонаиха қаласы және Октябрьское ауылындағы Уба өзенінің, шағын өзендер мен бұлақтардың су қорғау аймақтары аумағында шаруашылық пайдаланудың арнайы режимі мен су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет жүргізу режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (В. Е. Чернецкий) "Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха қаласындағы Уба өзенінің, шағын өзендер мен бұлақтардың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін белгілеу" жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Шемонаиха ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының

пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдарға берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Д. М. Мусинге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

P. Сүлейменов

2015 жылғы "11" 02.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің

Шығыс Қазақстан облысы тұтынушылардың

құқықтарын қорғау департаментінің басшысы

F. Сүлейменов

2015 жылғы "10" 02.

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

2015 жылғы "9" ақпандағы

№ 31 қаулысына

қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Шемонаиха қаласы және
Октябрьское ауылдындағы Уба өзенінің, шағын өзендер мен бұлактардың су
қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері**

р/ с	Су объектісі, оның участкесі	Қаралып отырған ұзындық, км		Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
		Өзендердің, бұлактардың	Жағалау сыйырының ұзындығы	(км)	Шекарасының (га)	Аумағы ені (м)	Орташа ұзындығы (км)	Аумағы (га)	Орташа ені (м)
1	Уба өзені оның ішінде: он жағалау сол жағалау Толстый аралы бекітілген	8,93	18,25	17,7	917,0	225-850	26,25	204,9	35-100
		-	9,15	9,23	418,2	260-850	10,2	58,0	35-100
		-	9,1	8,47	422,9	225-850	12,05	56,4	35-50
		-	-	-	75,9	-	-	75,9	-

	арналар	-	-	-	-	4,0	14,6	35-50	
2	Березовка өзені	4,66	9,32	6,03	237,1	175-660	8,42	34,4	35-75
3	Шемонаиха өзені	4,8	9,6	4,51	208,9	65-600	7,74	44,0	35-75
4	Поперечная өзені	16,6	33,2	21,7	910,6	50-1050	27,6	172,4	35-125
5	Солоновка бұлағы	4,57	9,14	5,35	275,2	100-550	7,9	51,5	50-75

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген "Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха қаласындағы Уба өзенінің, шағын өзендер мен бұлақтардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу" жобасының картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК